Тізбектелген сабақтардың барысында А деңгейлі оқушыда сабаққа деген белсенділігі артты. В және С деңгейлі оқушыларда үшінші тізбектелген сабақта өзгерістер байқалды, сабаққа деген белсендіктері арта бастады.

Lesson Study - оқушылардың тек жаттанды емес, саналы түрде білім білім алуына ықпал етеді. Ол оқыту сапасын арттырып, оқушылардың ойлау дағдыларын дамытады.

Қорытынды: Әдістемелік бірлестік жұмысы алға қойылған. Әр әдістемелік бірлестігі ашық отырысын ұйымдастырды. Қазіргі кездегі өзекті мәселелер, жаңашыл технологиялармен жұмыс жүргізу, қолдану бойынша тәжірибелерімен бөлісті. Пән апталықтары биылғы оқу жылында әдістемелік бірлестіктер бойынша өткізілді. Апталық барысында пән мұғалімдерінің қызметі, оқу үрдісін қйымдастырылуы, оқушылардың белсенділігі, шығармашылық жұмыстарының нәтижелелігі бақыланды. Кейбір өткізілген сабақтар, сыныптан тыс шаралар мектептің инстаграмм парақшасына салынған жоқ.

Тәрбие жұмысының талдауы

Мектепте үздіксіз жұмыс процесін басқарудың барлық тетіктерін қамтитын оқытудың кешенді бағдарламасы бар. Мектептің тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде оқушылардың жас, дене және зияткерлік мүмкіндіктері ескеріледі. Мектептегі тәрбие жұмысы білім беру мазмұны, сыныптан тыс және мектептен тыс педагогикалық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты біздің мектепте сыныпта да, мектепте де тәрбие қызметін сауатты жоспарлауды және ұйымдастыруды көздейтін тәрбие жүйесі бар. Мектептегі тәрбие жұмысы негізінен оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін, қосымша білім беруді, оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытуды, отбасын педагогикалық процеске қосуды қамтиды. Бұл өзара іс - қимылдың мақсаты-жауапкершілік тәжірибесін үлкендерден кішіге беру, баланың ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастығы түрінде тұлғаны әлеуметтендіру негізін құру. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

Тәрбиенің мақсаты: Тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізу арқылы, оқушы бойына патриотизмді, азаматтық сананы, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын тәрбиелеу, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамытуға, оқушылардың жеке басын өзін-өзі анықтауға, олардың қоғамда сәтті әлеуметтенуіне жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбиелік міндеттер:

Тәрбиенің міндеттері: тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда класс жетекшілердің теориялық -

интеллектуалдық, ұйымдастырушылық - педагогикалық, әдістемелік шеберліктерін жетілдіру.

1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

2) оқушыларда оқу іс-әрекетіне оң тұрақты мотивацияны, білім беру мен өзін-өзі тәрбиелеудің өмір мен қызмет үшін маңыздылығын түсінуді дамыту.

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілетін дамыту үшін жағдай жасау жолымен интеллектті байыту; отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ және Қазақстанның басқа этностары мен этникалық топтарының тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) жеке тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту;

6) балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға, отбасы институтын нығайтуға саналы түрде қатысуға дайындау;

7) әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-аналар бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;

8) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;

9) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;

10) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

11) кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалудың алдын алу және жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеуге, "тәуекел" тобындағы балаларды мектеп, сынып өміріне, үйірмелер, секциялар сабақтарына қатысуға барынша тартуға құқылы.

12) оқу процесінде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие.

3. Ұлттық тәрбие.

4. Отбасылық тәрбие.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы негізгі нормативтік құқықтық құжаттар: Білім және ғылым министрінің бұйрығы

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 қаулысымен бекітілген

1) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі;

4) "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;

5) "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Қазақстан Республикасының Заңы;

- 6) "Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Қазақстан Республикасының Заңы;
- 7) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайында Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020.06.12. № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған "Құндылықтарға негізделген білім беру" жобасы.

Тәрбие жұмысын бағалау критерийлерінің бірі барлық сыныптық және жалпы мектептік іс-шараларда оқушылардың жоғары белсенділігі болып табылады.

Іс-шаралар жүйелі сипатқа ие, олар оқушыларға тәрбиелік әсерін тигізді. Жоспарға сәйкес, мектеп үшін дәстүрлі және міндетті болып табылатын келесі іс-шаралар өткізіледі: Конституция күні. Білім күні. Денсаулық күні. ҚР халықтарының тілдер күні. Қарттар күні. Мұғалімдер күні. Қазақстан Республикасының Күні. Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күні. ҚР Тәуелсіздік күні. Жаңа Жыл. Халықаралық әйелдер күні, Наурыз, Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Отан Қорғаушылар Күні. Жеңіс Күні. Халықаралық Отбасы күні.

Қазақстан негізгі орта білім беру мектебінің 2022 – 2023 оқу жылында барлығы 46 оқушы. Мектеп бойынша себепсіз сабақ босатқан оқушылар анықталмады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» мен "Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясының құндылықтарын негізге ала отырып тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді. Сынып жетекшілер тұжырымдаманың 8 бағыты бойынша жұмыс жүргізіп отырды.

«ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан аз қамтылған отбасылардың оқушыларына жаңа оқу жылына дайындық уақытында қолдау көрсету және әлеуметтік себептермен 1 қыркүйекте мектепке келмей қалудың алдын алу мақсатында «Мектепке жол» атты жалпы республикалық акциясы бастау алды. Осы акция барысында «Павлодар жолдары» ЖШС ұжымы, «Аружан», «Асар» ШҚ және мектептің мұғалімдер ұжымының демеушілік етуімен мектебіміздің көпбалалы отбасы және аз қамтылған отбасының 10 оқушысына кеңсе тауарлары сыйға тартылды.

2022-2023 оқу жылының басында медбикемен, сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен, «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен бірлесе отырып, әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылды.

Жағдайы төмен оқушылар жөнінде мәлімет және отбасына қатысты құжаттарын жинап, тізімі жасақталды. Жаппай біліммен қамтуды ұйымдастыру бойынша бақылау комиссия отырысы өтті. 8,9 сынып оқушыларының әлеуметтік ортасын және отбасын анықтау мақсатында анкеталар жүргізілді, оқушылардың отбасылық жағдайы талданды. Сынып жетекшілермен әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысы қадағаланды.

Әлеуметтік педагог, пән мұғалімдері, психолог, сынып жетекшілер және әкімшілікпен іс-шаралар өткізілді. Жағдайы төмен отбасының 5 оқушысына жаппай оқыту қорынан материалдық көмек көрсетілді.

Мектеп бойынша аз қамтылған отбасы оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды. Үнемі асхана жұмыстары тексеріліп, асханадағы оқушылардың дұрыс тамақтануы қадағаланады. Аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына көмек көрсетілді. Жағдайы төмен отбасы үйлерін аралап, рейд жұмыстары жүргізілді.

1 қыркүйек Білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында салтанатты жиыны өткізілді.

Оқушылардың сыныптан тыс бос уақытын ұйымдастыру мақсатында үйірме, секция

жұмыстары кесте құрылып, сол кесте бойынша өткізіліп отырды. Мектеп бойынша 5 үйірме және 4 спорттық секция ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Үнем – қоғам қуаты», «Оқуға құштар мектеп», «Қызықты үзіліс», «Экоboom», «Жақсылық жаса», «Менің туым», «Еңбек – елдің мұраты», «Дәстүр мен ғұрып», «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Family Day» жобалары және мектепішілік «Ұлттық құндылықтар» жобасы және «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы жұмыс жасады.

5 қыркүйек тілдер мерекесіне орай «Тілдер айлығы» шеңберінде мектепте өткізілетін іс-шаралар жоспары құрылып, ашық тәрбие сағаттарымен түрлі сайыстар өткізілді, сонымен қатар мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. «Тіл ғұмыры – ұлт ғұмыры» бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Бастауыш сыныптарда «МЕНИҢ ТІЛІМ! МЕНИҢ ОТАНЫМ!» тақырыбында патриоттық сурет салу сайысы ұйымдастырылды. «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында үш тілде ақындардың өлеңін жатқа оқу сайысы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың тілге деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебеін көтеру, Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту. Белсене қатысқан оқушыларды марапаттау рәсімі өтті. Айлықтың қорытындысында «Тіл -достықтың құралы» атты фестиваль өткізілді.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Ұлт ұстазы» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында сурет көрмесі, «Менің отбасым» фото коллажы ұйымдастырылды. Балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 2-7 қыркүйек аралығында мектепте «Денсаулық апталығы» өтті. Денсаулық күні бағдарламасы аясында фитнес жаттығулары және «Дені саудың – жаны сау» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, мұғалімдер мен оқушылар арасында баскетболдан жарыс ұйымдастырылды.

«Вейп: қауіпті тренд» және «Электронды темекінің зияны» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларының арасында сынып сағаттары және мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: электронды темекінің ағзаға тигізер зияны жайлы ақпарат беру, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және жат қылықтан аулақ болуға тәрбиелеу.

«Адалдық пен әділдік» тақырыбында АДАЛДЫҚ САҒАТТАРЫ өткізілді. Қыркүйек айында аға тәлімгер Бейсенбина А.Е. ұйымдастыруымен мектеп Парламентінің Президентін сайлау өткізілді. Мектеп Президентіне 3 үміткер қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша көп дауыс жинаған 9-сынып оқушысы Махамбетқызы Айым сайланды.

Мектеп бойынша «Тоқта, буллинг» акциясы өткізілді. Акцияға барлық сыныптар белсен қатысты. Оқушылармен тәрбие сағаттары, тренингтер, пікірталас, «Буллингке жол жоқ!» атты жүгіру марафоны ұйымдастырылды. Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін –өзі басқару күні өткізілді.

1-қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай мектеп оқушылары «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты құттықтау бейнеролигін жасады. «Қарттарым-асыл қазынам» атты челлендж өткізілді. «Қарттарға қамқор болайық!» қамқорлық акциясы барысында «Қарттар күні» мерекесіне орай жас ұлан ұйымының мүшелері Рахимова Руза апа мен Калиева Балшакар апаның үйіне барып, ауласын тазартып жинады. «Ұстаздар күні» мерекесіне орай мектеп оқушылары «Ұстазға тағзым» атты құттықтау бейнероликтерін жолдады.

Май ауданының ішкі саясат, тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен «Армандастар» жастар орталығы мен Аудандық оқушылар үйінің ұйымдастыруымен 8-9 сынып оқушылары және жастар арасында «Күз ханшайымы -2022» аудандық байқауы өтті. Байқауға мектебіміздің 9-сынып оқушысы Махамбетқызы айым қатысып, жүлделі 2-ші орынмен марапатталды.

Облыстық «ЭКО бум» жобасының «Күзгі сыйлықтар» акциясы, «Қолданылған батареяларды және ПВХ өнімдерін жою» акциясына мектеп оқушылары белсене қатысты.

25 қазан – Республика күніне орай 2-9 сынып білім алушылары аралығында ашық диктант өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 25 қазан – Республика күніне орай «Айбынды Қазақстан» патриоттық мәнерлеп оқу челленджіне оқушылар белсене қатысты. Республика күніне орай «Менің Байтақ елім» суреттер байқауы, «Тәуелсіздік – ел тірегі» атты тәрбие сағаттары, эстафеталық ойындар, ұлдар мен қыздар арасында волейбол жарысы

ұйымдастырылды. «Менің арманымдағы – Қазақстан» тақырыбында эссе байқауы өтті. «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының ұйымдастыруымен «Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық жағдайы» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларымен дебат өткізілді.

«Family Day» облыстық жобасының 1 кезең «Отбасылық бақыт рецепті» акциясына бастауыш сынып оқушылапы белсен қатысты.

I тоқсанның аяқталуына байланысты мектепшілік ата-аналар жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде оқушылардың білім сапасығ «Бала құқығы» тақырыбында ата-аналарға учаскелік инспектор Абдрахманов Б.Ш. түсіндірме жұмысын жүргізді. МДТІЖО М.Н.Бектурова Күзгі каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырды.

Күзгі каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылды. Осы мақсатта оқушылармен шахмат ойындары, «Каникулда кітап оқимыз» іс-шаралары ұйымдастырылды.

2022 жылғы 8-20 қараша аралығында «Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық онкүндік және «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанының, «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» науқанының өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында мектеп психологі Альменова Ж.М. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп оқушыларымен тренинг ұйымдастырды. Аға тәлімгер Бейсенбина А.Е. «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында 1-9 сынып оқушыларымен челлендж өткізді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері 5-9 сынып оқушыларымен «Құқығым бар...» тақырыбында эссе конкурсын ұйымдастырды. Мектеп кітапханашысы «Өз құқығыңды біліп, өзіңді қорға» кітап көрмесін ұйымдастырып, таныстырылым жүргізді. «Ұшқыр ой алаңы» дебат жетекшісі Кунанбаева К.М. «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында 7-9 сынып оқушылармен пікірталас ұйымдастырды. Сынып жетекшілер «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Мектепте «Сенім жәшігі» әр апта сайын қаралып отырады. «Түнгі қаладағы балалар!», «Жасөспірім», «Көше» сияқты кең ауқымды рейдтер өткізіліп отырады. Мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Бейсенбина А.Т. 1-9 сынып оқушыларымен «Әр баланың құқығы бар» суреттер көрмесін ұйыдастырып өткізді. Әлеуметтік педагог Сапарова Н.С. «Мен және менің құқығым» 5-9 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. «Біз әлемді өзгертеміз, зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай өзгертуге болады» тақырыбында сынып сағаттары өтті. «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 8,9 –сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» жобасы жылдық іс-шаралар жоспары құрылды. Құрылған жоспар аясында іс-шаралар өткізіліп отырады. Жобаға ата-аналар, оқушылар қатысады. Сынып кабинеттерінде кітап оқу бұрыштары құрылды. Мектеп кітапханасында «Қазақ қаламгерлері», «Тарихи романдар» бұрыштары әзірленген және оқушылар әдеби кітаптар алып оқиды. Үзіліс кезінде оқушылар кітап оқиды, ертегілерден көріністер қояды. «Театр және біз» үйірмесі аясында рөлдік ойындар ойнатылады. Каникул кезінде «Каникулда кітап оқимыз» марафоны өткізіліп тұрады. Марафонға ата-аналар да қатысады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылармен үзіліс уақытында 10 минуттық кітап оқу ұйымдастырылды.

Мәншүк Мәметованың туғанына 100 жыл толуына орай «Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметова» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл мерейтойына орай «Жастарға арналған өсиеті» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Балаларды бірігіп қорғайық!» негізінде жыныстық қол сұқпаушылыққа қарсы құқық бұзушылықтың алдын алу, 7-9 сынып оқушыларының қауіпсіздігін қамтамсыз ету бойынша мектептің әлеуметтік педагогі Сапарова Н.С. қыздармен «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды.

«Адал ұрпақ» еріктілер клубының жоспарына сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сынып сағаттары, «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында бейнероликтер, «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты тақырыпта суреттер конкурсы, «Бақытты балалық шақ-жемқорлықсыз» қашықтықтан бейнероликтер конкурсы ұйымдастырылды.

Ай сайын бракеражды бақылау комиссиясының төрайымы, қамқоршылық кеңесінің төрайымы және мүшелері мектеп асханасының санитарлық жағдайын, ыстық тамақ ішетін балалардың тамақтануын және ас мәзірін тексеріп отырды. Сонымен қатар, әр аптаның дүйсенбі, бейсенбі күндері оқушылар «С» витаминизациямен қамтылды.

15 қараша – Ұлттық валюта теңге күніне орай тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектепте үзіліс кезінде «Қызықты үзілістер» жобасы ұйымдастырылды. Үлкен үзіліс кезінде оқушылар қазақтың ұлттық ойындарын ойнады.

Вирустық инфекцияның алдын алу бойынша және «Бала жарақатының алдын алу және алғашқы көмек көрсету» тақырыптарында мектеп медбибісі Исакова М.Е. оқушыларға түсінік берді.

«Эко-әлем» зерттеу жұмыстарының конкурсы «Болашақ үшін энергия және су» акциясы аясында сынып сағаттары мен сурет конкурстары ұйымдастырылды.

Павлодар облысы әкімінің «Пікірсайыс алаңы» кубогына арналған аудандық дебат турнирінің «Үміт» номинациясымен 7-сынып оқушысы Ғалымжан Дариға марапатталды.

Облыстық «Жас қаламгер-2022» әдеби конкурсы «Проза» номинациясы бойынша 9-сынып оқушылары Муратбаева Жансая және Қылышбек Санжар II дәрежелі дипломмен марапатталды.

ЖҚТБ алдын алу айлығы аясында 1 желтоқсан Әлемдік ЖҚТБ қарсы күрес күніне орай «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында флешмоб және мектеп психологі Альменова Ж.М.«Өз өмірің өз қолыңда» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Мектеп медбибісі Исакова М.Е. «Өмір қымбат білгенге» тақырыбында бейнеролик көрсетіп, баяндама оқыды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған «Кең байтақ елім» атты мәнерлеп оқу челленджі, «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. «Тәуелсіздік – ел бақыты» кітап көрмесі ұйымдастырылды. *Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай мектебімізде «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» бірлестігінің қатарына оқушыларды қабылдау рәсімі өтті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жігерлі ұлт» асық атуы ойыны ойнатылды. Сонымен қатар, Облыстық «Отан туым» акциясы ұйымдастырылды.*

Ұлы газ, өрт қауіпсіздігі, тағы да басқа төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жаңа жыл кезінде, оқушылардың қысқы каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық берілді.

23-желтоқсан күні Май ауданының әкімі А.Қ.Әмірінмен республикалық, облыстық жарыстарда жеңімпаз атанып жүрген оқушылармен кездесу өтті. Кездесуге мектеп президенттері, мектеп омбудсмендері, мектептің спорт фракциясының өкілдері, аға тәлімгерлер мен оқушыларды спорт жарыстарына дайындаған дене шынықтыру пән мұғалімдері қатысты. Сонымен қатар, мектеп президенті 9-сынып оқушысы Махамбетқызы Айым аудан әкімімен 2023 жылы мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы арқылы іске асырылатын міндеттер көрсетілген меморандумға қол қойды.

Мектеп президенті 9-сынып оқушысы Махамбетқызы Айым жаңа 2023 жылмен құттықтау бейнеролигі әлеуметтік желіде жарияланды.

«Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шарада көркем еңбек пәнінің мұғалімі А.Т.Бейсенбинаның ұйымдастыруымен оқушылар шыршаға арналған безендіру ойыншықтарын жасады. Балалар қызықты сайыстарға, ойындарға қатысып, Аяз атаға өлең айтып, тәтті сыйлықтар алды. 5-9 сынып оқушылары арасында «Түрлі-түсті кеш» ұйымдастырылды. Мереке көңілді өтті.

II тоқсан аяқталуына байланысты сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарын өткізді. Күн тәртібінде: оқушылардың қысқы демалыс уақытындағы өмір қауіпсіздігі; 2-ші тоқсан білім сапасы; қысқы демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша берілген іс-шаралар жоспарымен таныстырылды.

Мектеп бойынша оқушылардың бос уақыты қамтылған. Каникул кезінде оқушылардың бос уақытын қамту бойынша іс-шаралар жоспары құрылған. Жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. Мұғалімдер, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес мүшелері түнгілік уақытта рейд өткізді. Мектеп бойынша тәртіп бұзушылық болған жоқ.

2023 жылғы 10 қаңтар -10 ақпан аралығында «Қамқорлық» дәстүрлі республикалық акциясы өткізілді. Қайырымдылық-адамгершілік белгісі. Жақсылық жасау-имандылықтың, тәрбиеліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. «Қамқорлық» акциясы барысында «Жақсылық жасауға асығамыз!» қарт адамдар, жалғызбасты адамдарға көмек көрсету аясында мектептің Жас ұлан ұйымының мүшелері Калиева Балшакар апаның үйіне барып, ауланы қардан тазартып, үйге көмір енгізіп берді. Жас ұлан ұйымы әр жалғыз басты қарияларға көмек беріп, қамқорлық жасады.

Акция барысында аз қамтылған отбасы оқушыларына жаппай оқыту қорынан көмек көрсетілді.

Дене тәрбиесі бағыты бойынша Президенттік тестті қабылдау апталығы (шаңғы, атыс) 4-сынып «Қысқы бекініс» ойыны, «Толағай» эстафетасы

Президенттік тестті қабылдау апталығы (шаңғы, атыс) 7,9 сыныптармен өтті.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Ghallenge Өзгеше сен!» оқушылармен шаңғы тебу жарысы өтті және «Жақсылық жаса» акциясы «Эко боом»; «Құстарға арналған кафе» акциясы ұйымдастырылды, акцияға оқушылар белсене қатысты.

Абайдың «Толық адам» концепциясын іске асыруға арналған іс-шаралар жоспары аясында әлеуметтік маңызы бар мамандық түрлерін насихаттауға арналған «Мамандық таңдау – ертеңді ойлау» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларымен сынып сағаты өтті.

ЖАС ҰЛАН балалар ұйымының арасында өткізілген аудандық «Жайдарлы Жас Ұлан» интеллектуалдық байқауында мектептің «Күлмесең қой..» командасы жүлделі 3 орынға ие болды.

«Балалар – ел болашағы» қалалық пікірсайыс турниріне мектебіміздің «Болашақ» және «Достық» командалары қатысып, «Болашақ» командасы «Үздік фракция» номинациясымен және «Достық» командасы «Жаңашыл ой» номинациясымен марапатталды.

«Аққу» қыздар клубы. «Ақжүніс» тобының қыздарымен мектеп медбикісі М.Е.Искаова «Қыз баланың жеке бас гигиенасы» тақырыбында әңгіме, пікір алмасу жүргізді.

«Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы аясындағы «Ізгілік пен тәрбие» жобасы негізінде іс-шаралар ұйымдастырылды.

1 наурыз- Алғыс айту күніне орай мектепшілік іс-шаралар жоспары құрылып, жоспар негізінде іс-шаралар өткізілді. "Алғыс айту-асыл қасиет" "Ақжүніс" қыздар клубы 1 наурыз Алғыс айту күніне орай ашық хаттар жасап, мектебіміздің ұстаздарын, жұмысшыларын, кітапханашы, медбике, аспазшы апайларды құттықтап алғыс білдірді.

«Мейірім» еріктілер клубының мүшелері «Алтын жүрек» акциясына өз үлестерін қосып, ауылымыздың зейнеткері Мустафина Қайырлы апаның отынын қалап көмек көрсетті.

8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай "Аққу" қыздар клубының "Ақжүніс" тобымен "Қыздарға әсемік жарасады" атты қыздар сайысы өткізілді. Бастауыш сынып қыздарымен «Қыз сыны» байқауы ұйымдастырылды.

8-наурыз –Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Нәзік жандылар әлемнің ханшайымдары» және «Ана-өмірдің шуағы» тақырыбында 1-9 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары, құттықтау бейнероликтері ұйымдастырылды. Облыстық «Қалдықтарды кіріске айналдыру» жобасы аясында 8 наурыз мерекесіне орай оқушылар аналарына қолдан жасалған сыйлықтарын сыйлады.

«Ұлыстың Ұлы күні –Наурыз» мерекесіне орай қашықтықтан онлайн мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Family day» жобасы өткізілді. Жобаға 6-сынып оқушылары белсене қатысты.

Мектепшілік «Ұлттық құндылықтар» жобасы аясында ұлттық ойындар, ұлттық колөнер, «Салт-дәстүр» атты тәрбие сағаттары, «Асық жинау» акциясы ұйымдастырылып өткізілді.

«Чернобыль апатына 37 жыл» толуына орай әдеби танымдық сабақтары, сынып сағаттары өтті.

III тоқсанның аяқталуына байланысты мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

«Алтын қазына» көркем және сәндік – қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының аудандық көрме – байқауының жеңімпазы 8-сынып оқушысы Нуртаева

Наргиз I дәрежелі, 5-сынып оқушысы Тасқайрат Нұртілеу III дәрежелі дипломмен марапатталды.

30 наурыз күні М.Катаев ат. Оқушылар сарайының әдіскерлерінің ұйымдастыруымен Көктөбе орта мектебінде «Жетістік.fm» атты балалар белсенді мектебі өткізілді.

Шараға мектебіміздің БЖҰ аға тәлімгері /А.Бейсенбина/, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының көшбасшылары мен қыранбасшылары /Нурлыбекова Карина, Қылышбек Дарын/, мектеп Парламентінің президенті /Махамбетқызы Айым/, мектеп омбудсмені /Муратбаева Жансая/ қатысты.

«Заманауи дәуірде Абайдың «Толық адам» іліміне қайта ден қою қаншалықты қажет?» тақырыбында өткізілген аудандық дебаттық ойынында мектебіміздің 8-сынып оқушылары Нуртаева Наргиз бен Тулеубекова Жания «Патриот» тобы жүлделі II орынға ие болды.

Мектеп кітапханасында «Еңбек адамдарын дәріптеу» атты көрме ұйымдастырылды. 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне орай дене шынықтыру пәнінің мұғалімі бастауыш сынып оқушыларымен эстафеталық ойын өткізді.

Қаныш Сәтбаев атындағы Ақсу гимназиясында «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың жолдастық дебат сайысы өтті. Мектебімізден аталған турнирге «Болашақ» фракциясы қатысып, берілген тақырып көлемінде өз ұшқыр ойларын айтып, жақсы ойын көрсетті. Фракция құрамында мектебіміздің 9- сынып оқушылары Махамбетқызы Айым мен Муратбаева Жаная қатысты.

Ғарышкерлер күніне орай «Ғарыш әлеміне саяхат» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

«Эко бум» облыстық жобасы аясында «Жақсылық жаса» пластикалық қалпақшаларды жинау акциясына мектеп оқушылары белсен қатысты.

"ЖОЛ САҚШЫЛАРЫ" Білім беру бөлімінің және ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметкерлерінің бірлесуімен "Жол сақшылары" сайысы өтті. Слеттің мақсаты - балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен жол-көлік оқиғаларын ескерту бойынша жұмыстарды жетілдіру және балалар арасындағы жол-көлік оқиғаларынан жарақаттануының алдын алу мәселелеріне мүдделі ведомстволардың, ұйымдардың және жұртшылықтың назарын аудару. Сайыс қорытындысы бойынша мектеп командасы «Жол сақшылар» бейнеролик бағытынан III орынды иеленді.

1 мамыр –Қазақстан халықтарының бірлік ынтымақ күніне орай «Достық. Бірлік. Бейбітшілік» тақырыбында және 9 мамыр - Жеңіс күніне орай «Ел қорғаған батырлар» атты суреттер байқауы ұйымдастырылды. Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай «Жеңіс күні» тақырыбында өлеңдерді мәнерлеп оқу челленджі және «Бейбіт күн жасасын әлемде» атты танымдық сағаттары және «ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.

15-мамыр Халықаралық отбасы күніне орай «Менің отбасым –ең керемет отбасы», «Отбасым менің-байлығым» т.б тақырыптарда оқушылар өздерінің отбасы туралы бейнероликтер жасады.

Жазғы демалыс уақытында ата-аналар және оқушылармен оқушылардың қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Өрт, су, өмір қауіпсіздігі» туралы сынып сағаттары, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2022-2023 оқу жылының аяқталуына байланысты бірыңғай мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде: Жазғы демалыстың жұмыс жоспарымен таныстыру (мектеп жанындағы «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері); Жазғы демалыс уақытында оқушылардың қауіпсіздігі; Өскелең ұрпақ арасындағы суицидтік мінез –құлықтың алдын алу; әр түрлі сұрақтар.

1- маусым күні соңғы қоңырау мерекесіне орай «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты салтанатты жиын өтті.

Жалпы өткізіліп отырған іс-шаралардың барлығы мектепшілік сайт пен әлеуметтік ресми парақшаларда жарияланып отырады. Оқушылардың, ата-аналардың мектеп сайтын, әлеуметтік желілерді қолдау белсенділігі жоғары.

Мектеп оқушылары аудандық, облыстық конкурстарда, спорттық жарыстарда жүлделі орындарды иеленді.

Қорытынды: Проблемалар :

- Оқушылар арасында ұлттық құндылықтар мен өлкетану, салауатты өмір салты құндылықтарын, рухани және шығармашылық мүдделер басымдықтарының қалыптасуына ықпал ететін үйірмелер мен «Жас ұлан», «Жас қыран» балалар мен жастар ұйымының, «Адал ұрпақ» клубы жұмысын белсенді ұйымдастыру, шаралардың жоба форматында сапалы әрі, тиімді іске асуын қадағалау.
- Сынып жетекшілер жұмысын жүйелеу, мәртебесін арттыру арқылы оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.

Себептері:

- мұғалімдердің әдістемелік, психологиялық, жеке дара білім-танымын кеңейту, өзіндік білім-білікті жетілдірудің қажеттілігі,

Күтілетін нәтиже

Белсенділігі жоғары, өз мүмкіндігін ынтымақтаса отырып, қолдана алатын оқушыны қалыптастыру. Оқушылар белсенділігі мен сынып, мектептегі психологиялық ахуалдың қалыпты жағдайда болуы. Сыныптың тәрбие жұмысы жүйесін қалыптастыру. Ата-аналармен серіктестік жүйесін жетілдіру.

Әлсіз тұстары:

Сынып оқушыларының сынып ішіндегі және мектепшілік шараларға белсенді түрде толықтай қатыспауы. Сынып жетекшілер тарапынан оқушылардың белсенділігін дамытуға толыққанды жұмыс түрлерінің жүргізілмеуі.

Ұсыныстар:

Оқушылардың белсенділіктерін арттыру, Отбасы және мектеп ынтымақтастығын нығайту. Сынып жетекшілерге оқушыларды іс-шараларға белсенді қатысуына ықпал ету.

2023-2024 оқу жылының жылдық талдауы

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен береkesін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік,

мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Қазақстан негізгі орта білім беру мектебінің 2023 – 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» негізге ала отырып тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық-мүде,ар-ұят,алғыс айту -,ілтипат,талап сияқты құндылықтарды басшылыққа алынып, жылдық жоспары құрылып және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының құжаттары қарастырылып, сабақ кестесі, жоспары сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді.

Қазақстан негізгі орта білім беру мектебінің 2023 – 2024 оқу жылында барлығы 42 оқушы. Мектеп бойынша себепсіз сабақ босатқан оқушылар анықталмады. 2023-2024 оқу жылының басында медбикемен, сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен, «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен бірлесе отырып, әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылды.

Жағдайы төмен оқушылар жөнінде мәлімет және отбасына қатысты құжаттарын жинап, тізімі жасақталды. Жаппай біліммен қамтуды ұйымдастыру бойынша бақылау комиссия отырысы өтті.

8,9 сынып оқушыларының әлеуметтік ортасын және отбасын анықтау мақсатында анкеталар жүргізілді, оқушылардың отбасылық жағдайы талданды. Сынып жетекшілермен әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысы қадағаланды.

Әлеуметтік педагог, пән мұғалімдері, психолог, сынып жетекшілер және әкімшілікпен іс-шаралар өткізілді.

Мектеп бойынша аз қамтылған отбасы оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Үнемі асхана жұмыстары тексеріліп, асханадағы оқушылардың дұрыс тамақтануы қадағаланады. Аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына көмек көрсетілді. Жағдайы төмен отбасы үйлерін аралап, рейд жұмыстары жүргізілді.

1 қыркүйек Білім күніне арналған «Мектебім-мейрім мекені» тақырыбында салтанатты жиыны және сынып сағаттары өткізілді. Оқушылардың сыныптан тыс бос уақытын ұйымдастыру мақсатында 5 үйірме, 4 секция жұмыстары кесте құрылып, сол кесте бойынша өткізіліп отырды. Мектеп бойынша 5 үйірме және 4 спорттық секция ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Үнем – қоғам қуаты», «Оқуға құштар мектеп», «Қызықты үзіліс», «Экоboom», «Жақсылық жаса», «Менің туым», «Еңбек – елдің мұраты», «Дәстүр мен ғұрып», «Family Day» жобалары және мектепшілік «Ұлттық құндылықтар» жобасы және «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы жұмыс жасады.

5 қыркүйек тілдер мерекесіне орай «ТІЛ-ДОСТЫҚТЫҢ АЛТЫН КӨПІ» Тілдер айлығы аясында, мектебімізде аталмыш тақырып бойынша апталық өткізілді, сонымен қатар «Language is the Golden Bridge of friendship» ағылшын тіліндегі сөздік ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың тілге деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебеін көтеру, Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту. Белсене қатысқан оқушыларды марапаттау рәсімі өтті.

Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 1-7 қыркүйек аралығында мектепте «Денсаулық апталығы» өтті. Денсаулық күні бағдарламасы аясында Шағын орталықтың тәрбиеленушілері қозғалмалы ойындар ойнап, 1-3 сыныптар арасында «Көңілді старт», 5-7 сыныптар қыздар арасында «Пионербол», 5-7 сыныптар ұлдар арасында «Футбол», 8-9 сыныптар арасында «Волейбол» жарыстары өткізілді. Оқушыларды спорттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жетілдіру, басты мақсаты болып табылады.

8 қыркүйек күні Астана уақытымен сағат 12.00-де дене белсенділігін арттыру мақсатында республиканың барлық өңірінде аталмыш «FIZKULTMINUTKA» членджі өткізілді. Мектебіміздің 1-9 сынып оқушылары қатысып, бірінғай спорттық жаттығулар кешенін орындады.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРМАЛАРЫ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

2023-2024 жаңа оқу жылының басталуына орай тәрбие бағыты бойынша педкеңес

өткізілді. Педкеңес барысында қазіргі уақыттағы тәрбиенің беталысы мен құндылықтар жүйесін анықтап, талдау жұмыстары жүргізілді. Педагогтар топтық жұмыс бойынша, өзекті мәселелерді талдап, өз көзқарастарын ортаға салды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы «Бақытты ата-ана, бақытты бала» жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Еңбек күні қарсаңында «Адам азамат-адал еңбек» флешмобы өтті. «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР», ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ – АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАНЫҢ аясында «Айтыс – күдіретті өнер» атты тақырыбында сынып сағаттар өткізілді.

Қыркүйек айында аға тәлімгер Халибекқызы Мақпалдың ұйымдастыруымен мектеп Парламентінің Президентін сайлау өткізілді. Мектеп Президентіне 4 үміткер қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша көп дауыс жинаған 9-сынып оқушысы Нуртаева Наргиз Жанатовна сайланды.

Мектеп бойынша «Тоқта, буллинг» акциясы өткізілді. Акцияға барлық сыныптар белсенді қатысты. Оқушылармен тәрбие сағаттары, тренингтер, пікірталас, ұйымдастырылды.

Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін – өзі басқару күні өткізілді. Жоғары сынып оқушылары мектеп мұғалімдерін тосын сый жасап, төлмрекелерімен құттықтады.

1-қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай мектеп оқушылары «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты құттықтау бейнеролигін жасады.

Облыстық «ЭКО бум» жобасының «Күзгі сыйлықтар» акциясы, «Қолданылған батареяларды және ПВХ өнімдерін жою» акциясына мектеп оқушылары белсене қатысты.

25 қазан - Республика күніне орай «Отан туым» акциясы ұйымдастырылып, оқушылар ту суретін бейнелеп, мектеп терезелеріне орналастырды. Сонымен қатар Шағын орталық, МАД, 1-4 сыныптар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің елім-Қазақстан» патриоттық мәнерлеп оқу челленджіне оқушылар белсене қатысты. Республика күніне орай «Қазақстан еліне саяхат» суреттер байқауы ұйымдастырылып және 8,9 сынып оқушылары арасында БПФ форматында «Ұшқыр ой алаңы» дебат өткізілді.

Күзгі каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылды. Осы мақсатта үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, мектепшілік пән олимпиадасына дайындық және пионербол мен волейболдан жарыс ойындары ұйымдастырылды.

2023 жылғы 15-25 қараша аралығында «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндік науқанының өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында «Құқықтық мәдениет және оның маңызы», «Құқық бұзушылыққа жол жоқ!» сынып сағаттары өткізілді. Мектептің әлеуметтік педагогі Сапарова Н.С. оқушылар арасында құқықбұзушылықтың көрінісін анықтауға арналған анонимді сауалнама алды. Сауалнамаға барлығы 25, 5-9 сынып оқушылары қатысты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері 5-9 сынып оқушылары арасында «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында эссе конкурсын ұйымдастырды. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын!» бақытты балалық шақ бейнеленген сурет байқауы ұйымдастырылды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі М.Т. Кошербаева «Мен бақытты баламын!» 1-4 сынып оқушылары арасында отбасылық спорт жарысын өткізді. «Ұшқыр ой алаңы» дебат жетекшісі Кунанбаева К.М. «Мен және менің құқығым» тақырыбында 8,9 сынып оқушылармен пікірталас ұйымдастырды. Мектепте «Сенім жәшігі» әр апта сайын қаралып отырады. «Түнгі қаладағы балалар!», «Жасөспірім», «Көше» сияқты кең ауқымды рейдтер өткізіліп отырады.

2023 жылғы 8-20 қараша аралығында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық онкүндік науқанының өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу. Зорлық - зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей қатар, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

Сынып жетекшілер «Тоқта – буллинг», «Буллинг деген не?» сынып сағаттарын өткізді. Әлеуметтік педагог Сапарова Н.С. «Еңрте жүктіліктің алдын алу» 7-9 сынып оқушыларының қыздарымен әңгіме – сұхбат жүргізді. Мақсаты- өскелең ұрпақтың, қыздардың бойына сапалы білшім мен саналы тәрбиені сіңіру, болашақ жар, ана екендіктерін ұғындыру, салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау, адам баласының өмірінде болатын әрбір кезеңнің өз орны, өз уақыты бар екенін ұғындыру, қыз баланың ары мен абыройы, сыры мен сымбатын сақтауы, келешек өміріне даярлығы – қыз баланың болмысын биіктететін, оның тұлғалық ерекшеліктерін айқындау.

Мектеп психологтері оқушылар арасында буллинг және бопсалау көріністерін анықтауға арналған анонимді сауалнама жүргізді. Әлеуметтік педагог Сапарова Н.С. 5-9 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. «Ұшқыр ой алаңы» үйірмесінің жетекшісі Кунанбаева К.М. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырды. Мақсаты – оқушыларға зорлық- зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға , бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Мектеп психологі Альменова Ж.М. «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларымен тренинг жүргізді. Мақсаты – оқушылардың өмірге деген құлшыныстарын, қызығушылықтарын, алға қарай ұмтылу.

Мектепте «Сенім жәшігі» әр апта сайын қаралып отырады. «Түнгі қаладағы балалар!», «Жасөспірім», «Көше» сияқты кең ауқымды рейдтер өткізіліп отырады.

Қорытынды: Қорытындылай келгенде, оқушылармен құқық бұзушылықтың және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыстар үнемі қадағаланып отырылды.

Ұсыныс: Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» жобасы жылдық іс-шаралар жоспары құрылды. Құрылған жоспар аясында іс-шаралар өткізіліп отырады. Жобаға ата-аналар, оқушылар қатысады. Сынып кабинеттерінде кітап оқу бұрыштары құрылды. Мектеп кітапханасында «Қазақ қаламгерлері» , «Тарихи романдар» бұрыштары әзірленген және оқушылар әдеби кітаптар алып оқиды. Үзіліс кезінде оқушылар кітап оқиды. Ай сайын бракеражды бақылау комиссиясының төрайымы, қамқоршылық кеңесінің төрайымы және мүшелері мектеп асханасының санитарлық жағдайын, ыстық тамақ ішетін балалардың тамақтануын және ас мәзірін тексеріп отырды.

15 қараша –Ұлттық валюта теңге күніне орай тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектепте үзіліс кезінде «Қызықты үзілістер» жобасы ұйымдастырылды. Үлкен үзіліс кезінде оқушылар қазақтың ұлттық ойындарын ойнады. Вирустық инфекцияның алдын алу бойынша және «Бала жарақатының алдын алу және алғашқы көмек көрсету» тақырыптарында мектеп медбикесі оқушыларға түсінік берді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған «Тәуелсіз елім-тірегім!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мектеп парламенті және бастауыш сынып оқушылары «16- желтоқсан Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай құттықтау бейнероликтерін жолдады. . Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай мектебімізде «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» бірлестігінің қатарына оқушыларды қабылдау рәсімі өтті.

«Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шарада көркем еңбек пәнінің мұғалімі ұйымдастыруымен оқушылар шыршаға арналған безендіру ойыншықтарын жасады. Мектебімізде 26 желтоқсан күні МАД және бастауыш сыныптар арасында және 27 желтоқсан күні 5-9 сыныптар арасында жаңа жыл мерекесі өткізілді.

Мектебімізден 27 желтоқсан күні бүлдіршіндерге арналған аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына 2 оқушы барды. Оқушыларға мерекелік сыйлық ретінде 50 000 теңге сертификаты мен тәтті сый табыстады.

Академик Қ.И.Сәтпаевтың туғанына 125 жыл толуына орай бірінғай сынып сағаттар және орта буын сыныптар арасында квест ойыны өткізілді.Қ.Сатпаевтың 125 жылдығына орай бастауыш сыныптарға арналған «Сәтпаев білім марафоны»жоспарына сәйкес 2-4 сынып оқушылары бірлесіп «Қаныш Сәтпаев –жан-жақты ғалым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Оқу –ағарту министрлігі мектептердегі әлеуметтік –эмоционалдық ахуалды жақсарту мақсатында «ДОСБОЛLIKE»Республикалық акциясын бастады.Ақжар жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары «ДосболLike:Достық қолын ұсын» акциясына қосылды. Акция арасында мектеп Парламенті мектеп оқушылары,мұғалімдер, ата-аналар және бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасын нығайту, қолайлы жағдай жасау мақсатында «ДосболLike:Достық қолын ұсын»акциясын өткізді.Акция аясында «Достық –біздің тірегіміз» атты тәрбие сағаттары,5-7 сынып оқушылармен «Спорттағы достық»бағыты бойынша баскетболдан жарыс өткізілді. «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша «Достық баллалар көзімен» атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды.»Кіші зияткерлік академия» бағыты бойынша 5-6 сыныптар арасында ағылшын тілінен «Journey to the world of English» атты ойын викторинасы өткізілді.»Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Төрт тоқсан төрт өнер» және «ДосболLike: достық қолын ұсын» акция аясында «Көңілді үзілістер» шарасы ұйымдастырылды. Мектебімізде «ДосболLike: достық қолын ұсын»акция аясында мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар арасында волейбол жарысы өткізілді.

1 НАУРЫЗ -«Алғыс айту күні»аясында «Алғыс айту-парызым» тақырыбында сынып сағаттар, Мектеп парламенті «Алғысым шексіз» челленджін ұйымдастырды. Жомарт жандарға алғыс айтылды. Атап айтсақ 2023-2024 оқу жылында мектебімізге демеушілік көрсеткен жомарт жандарға «Құттықтау хаттары» табысталды. Халықаралық әйелдер күні аясында «Еліміздің ұлы әйел адамдары» атты сынып сағаттары өткізілді. Бастауыш сынып оқушылары Қазақстанда жасалған атты облыстық жобасы аясында «Анама сыйлық» челенджіне қатысты. «Ана деген тіршіліктің тірегі» атты ертеңгілік МАД,1-4 сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді. Мектебіміздің ортаңғы буын оқушыларының қатысуымен «8- наурыз Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай, аталмыш концерт өткізілді.

Наурыз мейрамы қарсаңында мектебімізде «Қош келдің, Наурыз» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Бүкіл әлем бойынша наурыз айының соңында жыл сайын «Жер сағаты» халықаралық акциясы өткізіледі.

Мектебіміз «Оқуға құштар» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» республикалық челленджін қолдады.

«Таза Қазақстан» акциясының «Киелі мекен» бағыты бойынша мектебімізде тазарту жұмыстары жүргізілді. Мектебіміз Республикалық сенбілікке қатысты.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні аясында «Ынтымағы жарасқан туған өлкем» атты сынып сағаттары өткізілді.

2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты бірыңғай мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде: Жазғы демалыстың жұмыс жоспарымен таныстыру (мектеп жанындағы «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері); Жазғы демалыс уақытында оқушылардың қауіпсіздігі; Өскелең ұрпақ арасындағы суицидтік мінез –құлықтың алдын алу; әр түрлі сұрақтар.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» шеңберінде қабылданған жоспарға сәйкес «Білімім Отаным» тақырыбында 24 мамыр күні бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Жалпы өткізіліп отырған іс-шаралардың барлығы мектепішілік сайт пен әлеуметтік ресми парақшаларда жарияланып отырады. Оқушылардың, ата-аналардың мектеп сайты, әлеуметтік желілерді қолдау белсенділігі жоғары.

Мектеп оқушылары аудандық, облыстық конкурстарда, спорттық жарыстарда жүлделі орындарды иеленді.

Аудандық лигалар спартакиада бағдарламасы бойынша 5-6 және 7-8 сынып оқушылары арасында шахмат жарысынан мектеп құрама командасы 5-6 сынып оқушылары арасында 1 орын және 7-8 сынып оқушылары арасында 3 орынға ие болды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Май ауданы білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіздік – тұғырым» мәнерлеп оқу байқауының жеңімпазы мектепалды сыныбының тәрбиеленушісі Нурлыбеков Нурислам II дәрежелі диплом, Социал Айзере II дәрежелі диплом, Башариденова Аяла III дәрежелі дипломмен марапатталды. «Аққу» жобасы аясында «Ақжүніс» қыздар клубының қыздары аудандық «Қыз еркем – кестесімен көркем» байқауына қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды.

"Жол қозғалысының жас инспекторлары" конкурсының аудандық кезеңі өткізілді. Конкурс

бағдарламасы келесі бағыттар бойынша өткізілді:

- 1) саптық қарау;
- 2) Жол жүрісі қағидаларын (бұдан әрі - ЖҚЕ) білгірлер;
- 3) Велосипедті мәнерлеп жүргізу;
- 4) Жас реттеуші;
- 5) Жас санитар;
- 6) Бейнероликтер байқауы;
- 7) Полиматтар турнирі.

Жекелей сында "Жол жүрісі қағидаларының білгірлері" бағыты бойынша Тулеубекова Жания 1- орын;

2. "Велосипедті мәнерлеп жүргізу" бағыты бойынша Ғалымжан Дариға және Тулеубекова Аружан 3 -орын;

3. "Жас реттеуші" бағыты бойынша Мусина Торғын 3 - орын;

4. "Жас санитар" бағыты бойынша Мустафина Қарақат 3 - орын;

5. "Бейнероликтер байқауы" 3 - орын;

6. "Жас эрудит" бағыты бойынша Саттар Айым 2 - орын.

Жалпы командалық есепте командамыз 2 - орынға ие болды.

